

6D040600 – Режиссура мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Заманауи телевизия режиссурасы: қазақстандық телекөрсерменнің әлеуметтік-мәдени құндылықтарын қалыптастырудың жаңа моделі» атты Кабиева Тұрсынғұл Қойшыбайқызының диссертация мәтініне АҢДАТПА

Зерттеу өзектілігі. Қазіргі заманғы қоғам хабар таратуды жаңа технологиялармен қамтамасыз ететін және тек ақпараттық қана емес, рухани құндылықтарды да тарататын жаһандық мәдениет үдерістерімен сипатталады. 20-ғасырдың ортасында Гарвард университетінің профессоры Дэниэл Белл және оның ізбасарлары қоғамның дамуы теориясын ойлап тапты. Америкалық әлеуметтанушының теориясы бойынша қоғам дамуы 3 кезеңге бөлінеді: Индустрияға дейінгі, индустриалдық және постиндустриалдық қоғам. Индустриалдық қоғамда кәсіпкер, зауыттар мен фабрикалардың басшылары басты орында болса, постиндустриалдық қоғамда басты орында ғалымдар, экономистер, физиктер және басқа да интеллектуалдық технологиялардың өкілдері сияқты интеллектуалды білім иегерлері болды. Белл болашақ қоғамды үш әлеуметтік классқа бөлді: «ғалымдар мен жоғары кәсіби әкімшіліктің шығармашылық элитасы», «орта класс» (инженерлер, ғылыми қызметкерлер) және «ақыл еңбегінің пролетариаты (техниктер, ассистенттер, кіші ғылыми қызметкерлер, лаборанттар).

Канадалық ғалым Герберт Маршалл Маклюэн әлемнің барлық кеңістігі елеулі қашықтыққа қарамастан, ақпаратты бір мезетте білу мүмкіндігіне ие болғандығын меңзей отырып, «электронды ауылдар» тұжырымдамасын қалыптастырды. Бұл тұжырымдамаға сәйкес жеке және рухани, жалпы мәдени құндылықтар қалыптасқан бұрынғы жергілікті мәдениет бұдан былай тұлғаны әлеуметтендіруде негізгі фактор болып табылмайды. Кім ақпарат тарату құралдарына ие болса, сол контент мазмұнын анықтайды.

Бұл үдерістер 20 ғасырдың толықтай екінші жартысында ілгері дамып, қазіргі күнде дамудың жаңа деңгейіне жетті.

Екінші жағынан, қазіргі жаһандану кезеңінде тұлғаның қалыптасуында, оның микро әлеуметпен, микро әлеуметтің қоғаммен, қоғамның кеңістікпен өзара байланыс құру процесінде анықтаушы рөл атқарған моральді-рухани құндылықтардың бірегейлендірілуі нәтижесінде ұлттық ерекшеліктердің жойылуына қауіп түнуде. Телевизия дамуы да бұл үдерістерде соңғы рөлді атқарған жоқ.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.А. Назарбаевтың және Қазақстанның Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қазақстандықтардың рухани жағдайына көңіл бөлуі қазақстандық қоғамның әлеуметтік-мәдени қалыптастыру бағытында ауқымды жұмыстар жасалынып жатқанын білдіреді. Бұл бағытта Қазақстанның Тұңғыш Президенті - Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты қазақстандық қоғамның құндылықтарын дамытудағы басты мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылуда. «Рухани жаңғыру»

бағдарламасында Н. Назарбаев қазақстандық қоғамды және елдің әрбір тұрғынының сана-сезімдерін модернизациялаудың негізгі бағыттарын атап көрсетті, олар: бәсекеге қабілеттілік, ұлттық идентификацияның сақталуы, білім культі және сананың ашықтығы. Ізгілікке бағытталған құндылықтарды бағалау, сыйластық, төзімділік, адамгершілік қазіргі заманғы қазақстандық қоғам үшін әлемдік қауымдастыққа тиімді кіруге және әлемдік әлеуметте тең дәрежеде бәсекелесуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда қазақстандық қоғам динамикалық, алуан түрлі, шексіз ақпараттық кеңістікте өмір сүруде, бірақ бұл кеңістікте ұлттық контент өте аз. Бұл жағдайда, ұлттың бар болуы мен өмір сүру бейімділігін анықтайтын қазақи мәдениет пен қазақи құндылықтар негізінде құрылған қазақ мәдениетінің идентификациясын қалыптастыру мәселесі туындайды.

Отандық телевизияның қазақстандықтарды, әсіресе, жастар қауымы кең аудиториясын қамти алмауының себебі, бағдарламалардың мазмұнына байланысты емес. Басты мәселе қазақстандық бағдарламалар көркемдік көрінісі, өзектілігі және ұсыну стилі бойынша бәсекеге қабілетті емес. Осылайша, қазақстандық қоғамның тұрақты ұлттық мәдени идентификациясын қамтамасыз ететін әлеуметтік-мәдени құндылықтарды игеру қажеттілігі мен телевизиялық бағдарламалар режиссурасына жеткіліксіз көңіл бөлу мәселесіндегі қарама қайшылық орын алуда.

Жұмыстың зерттелу деңгейі

Бүгінгі таңда заманауи қазақ телевизия режиссурасы және қазақстандық телекөрсерменнің әлеуметтік-мәдени құндылықтарын қалыптастыру тақырыбы тұтас зерттелмеген мәселелердің бірі болып табылады. Осы орайда, жоғарыда атап өткеніміздей бұл зерттеудің тақырыбы аса өзекті. Тақырыпты толық қамды ашу мақсатында, әлемдік тәжірибиеге сүйене отырып, телевизия режиссурасы, коммуникация теориясы, әлеуметтік-мәдени және ұлттық құндылықтар аясын тарихи-теориялық бөлімде жан-жақты зерттеу үрдісінде бірқатар құнды еңбектерген жүгіндік.

Коммуникация теориясының шеңберінде теориялық-әдістемелік мәселесіне экскурс жасау мақсатында Элвин Тоффлер, Леонид Петров, Дэниэл Белл, Герберт Маклюэн сынды ғылымдардың еңбектеріне сүйеніп зерттеу жасалынды.

Бұл мәселені ғылыми тұрғыдан әлеуметтік-мәдени құндылықтар түсінігін анықтап алмай түсіну мүмкін емес. «Әлеуметтік мәдени құндылық» термині «мәдениет» және «құндылық» терминдерін қолдану арқылы пайда болған. Бұл сұрақтар ертеректе әлемдік ғылыми түсінікте Сократ, Платон сияқты антикалық философтарымен, қайта өрлеу Мишель Монтень сияқты философтарымен, сонымен қатар, тұлғаны қалыптастыруда таным күшінің маңызды рөлін айқындаған Николай Кузанский сынды ғалымдармен талданған. Сонымен қатар, әлеуметтік мәдени бағытта өмір сүру циклі теориясын А.Тойнби, О. Шпенглер, А.Кребер, Ф. Чемберс, П.А. Сорокин, Т. Парсонс, У. Матурано, С. Ваго, П.Штомпке сияқты ғалымдар зерттеген.

Шығыс ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби адамгершілікті жетілдіу философиясын терең зерттеген. Әл-Фараби этика, саясат, жаратылыстану, психология, эстетика, логика сияқты сол кезеңде танымал білім салаларын

зерттеп салыстырды. Адамның бақытқа жетуінің негізі саналған адамгершілік, ізгілік мәселелеріне ерекше көңіл бөлген.

Құндылықтарды зерттеудің қазіргі кезеңінде аксиология сынды түсінік қалыптасты. Аксиология зерттеу нысаны ретінде олардың мәнін, қалыптасуын, құрылысын, классификациясын зерттей отырып құндылықтарды, сонымен қатар тану және бағалау әдістерін қарастырады.

Құндылықтар мәселесі әрқашан маңызды болды, күрделі өзгерістер дәуірінде де өз өзектілігін жоймады. Мәдени дәстүрлердің бағасы төмендеп қоғамның бұрынғы идеологиялық және этникалық ұстанымдары жойылып жатқан заманда да, құндылықтар біртіндеп жаңа идеалдар мен мақсаттарға алмасты.

Телевизиялық бағдарламалар режиссураларының тартымдылығын арттыру мәселелерімен Шалахметов Г., Барманкулов М.К., Аллаберген К., Оразаев Ф., Оразалы С., Әдіжәділқызы Ж., Барлыбаева С., Тұрсын Қ., Тойбаева Ж., Г., Абильдина ресейлік ғалымдардан Тарковский А., Березин К., Федотов Н.С., Фортунатов А.Н., сынды ғалымдар айналысты. Сонымен бірге батыс ғалымдарының ішінде Майкл Рабигер, Норман Холли, Даниэль Арижон, Теодор Адорно, Макс Хоркхаймер, Джастинг Чанг еңбектерін атап өткен жөн. Алайда телевизия режиссурасын эстетикалық құбылыс ретінде ешкім қарастырмады. Телевизия режиссурасын қазақстандық көрерменнің әлеуметтік мәдениетін қалыптастырушы мәдени-эстетикалық ресурс ретінде зерттеулер жоқ.

Келтірілген мәліметтер зерттеудің өзектілігін айқындайды және келесідей мазмұндалған гипотезаға сүйенуге мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы медиа кеңістік белгіленген модель бойынша қоғам құндылықтарын қалыптастыруға нақты ықпал тигізуде. Осы моделдерді жүйелі түрде реттеу арқылы телевизия режиссурасының рөлін анықтап, отандық телевизия режиссурасының әрі қарайғы дамуын ғылыми тұрғыдан негіздеуге болады.

Соған сәйкес, біздің **зерттеуіміздің нысаны** - әлеуметтегі мәдени құндылықтарды трансляциялаудың және игерудің факторы ретіндегі телевизия болып табылады.

Зерттеу пәні – қазақстандық қоғамда әлеуметтік-мәдени құндылықтарды қалыптастыру контекстіндегі телевизия режиссурасының моделі.

Диссертациялық **зерттеудің мақсаты** – қазақстандық телекөрермендердің әлеуметтік-мәдени құндылықтарын қалыптастырудың жаңа моделі контекстінде қазіргі заманғы телевизия режиссурасын теоритикалық негіздеу болып табылады.

Зерттеу мақсаты мен гипотезасына сәйкес келесідей **міндеттер** қойылды:

- телевизиялық индустрияны ұйымдастырудың әлемдік жетекші моделдерін зерттеу;

- телевизия құралдарының әлеуметтік-мәдени құндылықтарын қалыптастыру механизмін талдау;

- қазақ ұлттық құндылықтарын отандық телевизия режиссурасының зерттеу пәні ретінде қарастыру;

- телевизиялық режиссураны әлемдік медиа нарықтың жаһандану жағдайында қарастыру;

- телевизиялық бағдарлама саясатының қоғам құндылықтар трансляторы ретінде өзектілігін негіздеу;

- қазақстандық телекөрсетімдердің әлеуметтік-мәдени құндылықтарын қалыптастыруда заманауи телевизияның мәдени-эстетикалық кеңістігінің әсерін зерттеу;

- әлеуметтік-мәдени құндылықтарды қалыптастыру контекстінде қазақстандық телевизия контентінің сапасын талдау;

- қазақ телевизиясының ұлттық контекстін сақтау қажеттілігін негіздеу;

- қазіргі заманғы қазақстандық телекөрсетімдердің әлеуметтік-мәдени құндылықтарын қалыптастырудың жаңа теоретикалық моделін анықтау.

Берілген жұмыстың **әдіснамалық негізі** тарихи-мәдени тәсіл болып табылады, сонымен қатар сипаттау, салыстырмалы талдау және түрлі көзқарастарды жинақтаудан тұратын зерттеудің теоретикалық әдістері қолданылды. Қабылдау психологиясы әдістері көрсетімдер үшін телевизиялық өнімнің эмоционалдық тартымдылығының ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Жұмыстың теориялық және әдістемелік негіздері

Зерттеудің теоретикалық-әдіснамалық негізін анықтау үшін тарихи-теориялық, ғылыми-жүйелік, мәдениеттанулық және философиялық дәрістер қолданылды. Телевизиялық өнімнің эмоциялық тартымдылығының ерекшеліктерін талдау мақсатында қабылдау психологиясы әдісі қолданылды. Әлеуметтік-мәдени құндылықтар теориясы зерттеулерінің тарихи-теориялық негізін А.Тойнби, О. Шпенглер, А.Кребер, Ф. Чемберс, П.А. Сорокин, Т. Парсонс, У. Матурано, С.Ваго, П.Штомпке сияқты шетелдік ғалымдардың еңбектері құрады. Мәдени коммуникация теориясы шеңберінде Э.Тоффлера, Л.Петрова, Д. Белл, Г.Маклюэн және басқа зерттеушілердің еңбектері пайдаланылды.

Қазіргі заман телевизия режиссурасының мәселесін зерттеу негізі болып Майкл Рабигер, Норман Холли, Даниэль Аризон, Теодор Адорно, Макс Хоркхаймер Джастинг Чанг, ресейлік зерттеушілер Тарковский А., Березин К., Федотов Н.С., Фортунатов А.Н. және қазақстандық телевизия саласының келесі қызметкерлерінің зерттеу жұмыстары пайдаланылды, олар: Шалахметов Г., Барманкулов М.К., Аллаберген К., Оразаев Ф., Оразалы С., Әдіжәділқызы Ж., Барлыбаева С., Тұрсын Қ., Тойбаева Ж., Абильдина Г.Б.

Зерттеу жұмысында гносеологиялық, эмпирикалық, когнитивтік әдістер және тарихи-теориялық, ғылыми-жүйелік, мәдениеттанулық және философиялық, салыстырмалы, өнертанушылық және сипаттамалық талдаулары қолданылды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы:

- ғылыми айналымға алты қағидадан тұратын қазақстандық телекөрсетімдерінің әлеуметтік-мәдени құндылықтарын қалыптастырудың теоретикалық моделі енгізіліп отыр;

- әлемдік телевизиялық медиакеңістіктің жетекші моделдеріне талдау жасалынды;

- телевизия құралдары арқылы әлеуметтік-мәдени құндылықтарды қалыптастыру механизмі бірінші рет қарастырылды;

- қазақ ұлттық құндылықтары отандық телевизия режиссурасының зерттеу пәні ретінде зерттелді;

- заманауи телевизия режиссурасы әлемдік медианарықтың өзара ену және өзара ықпал ету жағдайында қарастырылды;

- телевизиялық саясатың қоғам құндылықтарды таратудың жетекші факторы ретіндегі рөлі айқындалды;

- қазақстандық телекөрсеткіштердің әлеуметтік-мәдени құндылықтарының қалыптасуына заманауи телевизияның мәдени-эстетикалық кеңістігінің әсері анықталды;

- қазақстандық телевизиялық контент әлеуметтік-мәдени құндылықтарды қалыптастыру тұрғысында бірінші рет талданды;

- қазақ телевизиясында ұлттық мазмұнды сақтау қажеттілігі айқындалып алты қағидадан құралатын қазақстандық телекөрсеткіштердің әлеуметтік-мәдени құндылықтарын қалыптастыруының теориялық моделі құрастырылды.

Қорғауға ұсынылған тұжырымдар:

1. Жаһандық медиа кеңістік белгілі құрылымға ие және әр түрлі моделдердің болуымен сипатталады. Бұл моделдер меншік формасы бойынша (қоғамдық, мемлекеттік, жеке); тарату типі бойынша (эфирлік, кабельдік, спутниктік); критерийлерге негізделіп жіктелінеді және бағдарламалық саясаты, қаржыландыру әдістері, ұйымдастырушылық құрылымы бойынша ерекшеленеді.

2. Соңғы жүз жылдықта отбасы, дін, білім, өндірістік ұжым және әлеуметтік-мәдени тәжірибе сферасы (рәсімдер, салт-дәстүрлер, мерекелер, өнер шығармалары және т.б.) сияқты тұлғаны әлеуметтендірудің дәстүрлі институттарына телевизия қосылды. Және бұның екпінді дамуының нәтижесінде тұлғаның әлеуметтендірілуінде оң және теріс жақтарымен жетекші фактор болып қалыптасып келе жатыр.

3. Телевизия режиссурасы театрлық және кинорежиссураны қайталау, кейін компьютерлендіру кезеңдерінен өтті. Бұл тәсілдер клиптік ойлау, скетчтік сипат секілді жаһандық бәсекелестік жағдайындағы франшизалар бойынша қайталанып, креативті режиссура жоқтың қасы.

4. Телевизияның бағдарламалық саясаты қоғамның құндылықтарын таратудың басты факторы болып табылады. Белгілі бір құндылықтар негізінде құрылған және жаһандық телекоммуникация жағдайында таратылатын бағдарламалар реципиенттер қоғамының құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Жетекші медиахолдингтердің бағдарламалары ойын-сауыққа бағытталған, бұл бағыт белгілі өмір сүру стилін, сәйкесінше тұтынудың белгілі стилін қалыптастырады.

5. Отандық телеарналар бағдарламаларының мазмұнын талдау олардың сюжеттерінде дәстүрлі қазақ құндылықтарының тиісті орын иеленбегенін көрсетті. Жалпы адамзаттық құндылықтарды насихаттауға арналған бағдарламалық саясат бағдарламаның мазмұндық және көркемдік құндылығын жоюда.

6. Қазақ халқының әлеуметтік-мәдени құндылықтарын қалыптастыру және тарату аясындағы телевизияның қазақстандық моделі жалпы адамзаттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған. Бұл үшін Қазақ телевизиялық кеңістігі әртүрлі рухани құндылықтарға бағытталған, оған себеп шетелдік контенттің пайдаланылуы.

7. Қазақстандық телевизия режиссурасы ұлттық контентті жетекші шетелдік арналар форматында ұсынуда оң үрдістерге ие.

8. Қазіргі заманғы қазақстандық телекөрсетімдердің әлеуметтік-мәдени құндылықтарын қалыптастырудың теоретикалық моделі екі негізгі факторға негізделген, олар:

- Бірыңғай мәдени кеңістікті қалыптастыру;

- Режиссердің шығармашылық бостандығын қамтамасыз ету.

Әлеуметтік-мәдени құндылықтарды қалыптастыру үшін аталған модель келесі қағидаларға негізделуі тиіс:

1. Басқа құндылықтарға қарағанда ұлттық рухани құндылықтардың басымдығы;

2. Ұлттық контенттің нақты теңдестігі;

3. Ұлттық мазмұндағы телевизиялық бағдарламаларды мемлекеттік тарапынан қаржыландыру;

4. Режиссурадағы креативтілік тәсілі;

5. Эвристикалық тәсіл қағидасы;

6. Режиссерлік көркем-шығармашылық жоспар құру үрдісінде ұлттық және мәдени ерекшеліктерді міндетті түрде ескеру.

Зерттеудің теоретикалық және тәжірибелік маңыздылығы

Телевизиялық цикл пәндерін оқыту барысында «Кино және ТВ режиссура» мамандығы бойынша оқытушылық қызметте және студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында пайдалануға болады.

Бұл жұмысты қазақстандық телекөрсетімдердің ұлттық құндылықтарын дамытуға бағытталған бағдарламалар режиссерының практикалық қызметінде аса маңызды деп пайымдаймыз. Қол жеткізілген қорытындылар өнертану, мәдениеттану, әлеуметтану және психология салаларындағы зерттеу жұмыстары үшін пайдалы әрі маңызды бола алады.

Зерттеу нәтижелерінің апробациялары:

Аталған жұмыстың негізгі нәтижелері түрлі деңгейдегі ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында жарияланған:

1. «The development and specificity of Kazakhstan television in the conditions of the fourth industrial revolution» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары «Рухани жаңғыру контекстіндегі заманауи кино өнері» Алматы «Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА», 2018., 140-144 б.

2. «Особенности развития казахстанского телевидения в условиях четвертой промышленной революции». Халықаралық ғылыми журнал. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі – Наука и жизнь Казахстана», Өнертану секциясы, Алматы, №3 (58), 2018., 78-81 б.

3. Regarding the issue of the television impact on social and cultural values development in society. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы. № 4 (326), 2019., 5-10 б.

4. The theoretical model of formation of socio-cultural values of a contemporary viewer. Uluslararası akdeniz bilimsel araştırmalar kongresi 4-6 Ekim 2019 – Gazimağusa Kuzey kibris türk cumhuriyeti, Gazimağusa – 25 Aralık 2019, ISBN : 978-605-69962-0-7, p.75-80

5. Television director's skill in the formation of socio-cultural values of a viewer Журнал: Opción, Año 35, ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385 Regular No.90-2 (2019): 271-286

6. Особенности казахстанских телевизионных проектов (на примере программ национального телеканала «Қазақстан»). Ғылыми-әдістемелік журнал. «Педагогика и психология» Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, № 4(41) 2019 . 276-288 б.

7. Қазақстан телевизиясының қазіргі жағдайы. «Заманауи жастардың ғылыми алуаты» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы «Научный потенциал современной молодежи» 14-15 мамыр, Нұр-Сұлтан, ӘОЖ 001.8(063) КБЖ 72, Қ 16, 2020., 220-224 б.

8. «Қазақстан телеарналарының бағдарламалық саясаты» Сборник материалов V Международной научно-практической конференции «Еуропа және түрік әлемі: ғылым, техника және технологиялар» 6-8 мамыр Анкара қ., Түркия, 2020 ж., 385-391.

Диссертация құрылымы. Диссертация Кіріспе, үш негізгі бөлімнен, Қорытындыдан, Пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Текст көлемі 120 бетті құрайды. Кіріспеде зерттеліп отырған тақырыптың өзектілігі негізделіп, оның мақсаты мен міндеттері, ғылыми өңделуі және ғылыми жаңалығы анықталған, сонымен бірге қорғауға шығарылған нәтижелер ұсынылып, диссертацияның ғылыми-теоретикалық және тәжірибелік маңыздылығына болжам жасалынған.

Бірінші тарау - «ӘЛЕМДІК ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ИНДУСТРИЯНЫҢ МОДЕЛІ ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ ФЕНОМЕНІ РЕТІНДЕ». Бірінші тарау үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде телевизиялық компаниялардың жетекші моделдерінің ұйымдастыру ерекшеліктері қарастырылған. Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания, Франция және Германия сияқты әлемдік телеиндустрия жетекші моделдері қызметінің қағидалары талданған. Екінші бөлімде телевизия құралдары арқылы көрермендердің әлеуметтік-мәдени құндылықтарын қалыптастыру механизмдері қарастырылған. Үшінші бөлімде қазақтың дәстүрлі құндылықтары отандық телевизия режиссурасының пәні ретінде қарастырылған.

Екінші тарау - «МӘДЕНИ ЖАҒАНДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ РЕЖИССУРАСЫНЫҢ МОДЕЛІ». Екінші тарау 3 бөлімнен тұрады. Бөлімдерде жаһандық интеграция жағдайындағы телевизиялық режиссура ерекшеліктері анықталған, телевизиялық бағдарлама саясаты қоғамның құндылықтарын таратушы ретінде көрсетілген, сонымен

қатар, қазақстандық телекөрсеткіштердің әлеуметтік-мәдени құндылықтарын қалыптастыруға заманауи телевизияның эстетикалық кеңістігінің әсері қарастырылған.

ҮШІНШІ ТАРАУ - «ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕЛЕКӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІ». Бұл тарау үш бөлімнен тұрады. Бөлімде қазақстандық телекөрсеткіштердің әлеуметтік-мәдени құндылықтарын қалыптастырудағы қазақстандық телевизиялық контент сапасының мәселелері қарастырылған, қазақ телевизиясының ұлттық контекстін сақтаудың стратегиялық маңыздылығы айқындалған, сонымен қатар заманауи қазақстандық телекөрсеткіштердің әлеуметтік-мәдени құндылықтарын қалыптастырудың жаңа теориялық моделі ұсынылған.

Қорытындыда диссертациялық зерттеудің нәтижесі шығарылған және оның нәтижелерін әрі қарай қолдануға ұсыныстар жасалған.